

Е.А.Бекетов атындағы Қарағанды Университетінің Педагогикалық факультеттің 8D01301 — Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі білім беру бағдарламасы бойынша докторанты Кусайнова Маржангүл Амантаевнаның «Бастауыш сынып оқушыларын ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеудің деонтологиялық негіздері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ғылыми жетекшінің

## ШІКІРІ

Мәңгілік ел болудың басты шарты - ұлттық және жалпы адамзаттық қажеттілікті құндылық ретінде ұстанатын адами капитал. Мектепте оқутәрбие үрдісін ұлттық сипатта жүзеге асыру күмән тудырмайтын өзекті мәселе. Ұлттық тәрбие негізінде болашақ ұстаздардың деонтологиялық даярлығын қалыптастыру - көпденгейлі білім беру жүйесінде олардың ұлттық тұрғыдағы интеллектуалды әлеуетін дамытудың басты құралы.

Ұлттық тәлім-тәрбие беруге ұстаздың деонтологиялық санасының басты көрсеткіші – ұлт мұддесіне, ел мұддесіне сәйкес ұстаздық міндетін іске асыруға қажетті мінез-құлық, білім-ептілік, ынта-ықыласының болуы.

Мектеп табалдырығын алғаш аттағаннан бастап, мемлекеттік рәміздерді оқып үйрену бастауыш сыныпта, сабактан тыс тәрбиелік-тәнімдік жұмыстарды жүргізгенде алғашқы түсініктер беріліп, өз елінің Туы, Елтаңбасы, Әнұранына деген құрмет сезімдерінің қалыптасуына негіз жасалады.

Кусайнова М.А өзінің зерттеуінде, бастауыш сынып оқушыларын ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеудің деонтологиялық негізін қазіргі қоғамдағы басты мәселенің бірі деп негіздеген.

Сонымен қатар, бастауыш сынып оқушыларының тәнімдік қызығушылығын дамытудың факторы реттінде ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеу жүйесінің теориялық-әдіснамалық негіздерінің ашылмағандығы және зерттелетін проблеманың кәсіби маңызды аспектілерінің толық анықталмағандығына көз жеткізген.

Солардың бірі - бастауыш сынып оқушыларының ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеудің деонтологиялық негіздері деп анықтап, соған сәйкес ғылыми-тәжірибелік тұрғыда зерттеген. Осы орайда зерттеу жұмысының қажеттілігі және өзектілігі көрінеді.

Соған сәйкес зерттеудің нәтижесінде:

- бастауыш сынып оқушыларын ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеуде педагогикалық деонтологияның теориялық мәні мен мазмұнын ашып, анықтады;
- бастауыш сынып оқушыларын ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеудің моделін жасап, педагогикалық шарттарын айқындаған.

Зерттеудің басты қағидалары мен материалдарына негізделген ұлттық құндылықтар арқылы бастауыш сынып оқушыларға тәлім-тәрбие берудің әдістемесі, «Ұлттық қазына» атты бағдарламаның тақырыптық үлгі жоспары, «Ұлттық қазына» электрондық оку құралы жасалып бастауыш мектеп

практикасында қолдануы зерттеудің практикалық маңыздылығын білдіреді. Зерттеу материалдарын бастауыш сынып мұғалімдерін даярлайтын арнайы орта оқу орындарында, білім жетілдіру, қайта даярлау институттарында, сондай-ақ бастауыш сынып мұғалімдерінің тәжірибесінде пайдалануға болады.

Корыта келе, Кусайнова Маржангул Амантаевнаның «Бастауыш сынып окушыларын ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеуде деонтологиялық негізі» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысының 8D01301 — «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қорғауға ұсынамын.

Ғылыми жетекші:

*Мертаев*

П.Д., профессор К.М. Кертаев

